

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ, АРХИВТЕР ЖӘНЕ ҚҰЖАТТАМА БАСҚАРМАСЫ
ҚР БҒМ ҒК А.Х. МАРҒҰЛАН АТЫНДАҒЫ АРХЕОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ
АҚТӨБЕ ОБЛЫСТЫҚ ТАРИХИ-ӨЛКЕТАНУ МУЗЕЙІ

АКИМАТ АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ
УПРАВЛЕНИЕ КУЛЬТУРЫ, АРХИВОВ И ДОКУМЕНТАЦИИ АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ
ИНСТИТУТ АРХЕОЛОГИИ им. А.Х. МАРГУЛАНА КН МОН РК
АКТЮБИНСКИЙ ОБЛАСТНОЙ ИСТОРИКО-КРАЕВЕДЧЕСКИЙ МУЗЕЙ

«ҚАДЫРБАЕВ ОҚУЛАРЫ - 2020»

**VI ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ
МАТЕРИАЛДАРЫ**

(2020 жылғы 27-28 қараша)

МАТЕРИАЛЫ

**VI МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНОЙ
КОНФЕРЕНЦИИ**

«КАДЫРБАЕВСКИЕ ЧТЕНИЯ – 2020»

(27-28 ноября 2020 года)

ҚАЗАҚ БАТЫРЛАРЫНЫҢ ҚАРУМЕН ШАБУЫЛ ЖАСАУ ЖӘНЕ ҚОРҒАНУ ӘДІСТЕРІ ФОЛЬКЛОРЛЫҚ ДЕРЕКТЕРДЕ

М. Н. Дюсенбаева

Қазақы тарихи дерек көздер қоры Қазақстан тарихын зерттеу ісінде сенімді деректік қор бола алады, өйткені олар негізінен шығарманың арқауы болған оқиғалардың тікелей қатысушыларымен және куәгерлері аузымен айтылған. Тарихи жырлар шын болған оқиғалармен байланысты болғандықтан, сонымен қатар оларды түсіну мен бағалауға бағытталғандықтан, олардың шындықпен байланысын айқындап, ойдан шығарылған жерін айыру қажет. Тарихи негізін білу бұл жырлардың хронологиясын салыстырып, кей жағдайда олардың мағынасын және жекелеген тұстарын түсінуге көмектеседі.

Көшпелі қазақ қоғамының кәсіби әскерилері болған қазақ батырларының жауынгерлік өнерінің бір қырын - қарумен шабуыл жасау және қорғану әдістерін талдауға арнамақпыз. Жеке жауынгерлік аяқасты ұтымды жүргізу үшін батырлар ұрыс құралдарының толық комплексімен - шабуыл және қорғану құралдарының барлық түрімен жасақталып, бұл құралдарды ұрыста жұмсаудың ғасырлар бойы кәсіби әскери ортада қалыптасып, дамып, өңделін және жетілдіріп отырған шеберлігін жетік меңгеруі тиіс еді. Түрлі жазбаша және фольклорлық дерек көздері, лингвистикалық материалдар бізге қазақ батырлары қолданған соғыс қаруларының әр түрін жұмсау әдістері мен тәсілдерін, соққы жасау техникасын қалпына келтіруге жеткілікті мәліметтер береді. Ал заттық және иконографиялық материалдар бұл деректердің мәліметтерін толықтырып, олардың өмірдегі бейнелік сипатын көз алдымызға келтіреді.

Кәсіби әскерилер қолданатын жауынгерлік қаруларды казакта «ер қаруы» деп атайды, ер қаруының өзіндік жарақат салу функциясымен ерекшеленетін және бірнеше түрге бөлінетін негізгі *бес тобы* болды. Сондықтан, оларды «*ер қаруы - бес қару*» деп атаған. Бұл бес қаруға ату қаруы (жақ пен жебе), түйреу қарулары (найза мен сүңгі), кесу қарулары (семсер, қылыш, сапы), шабу қарулары (балта, айбалта, шақан) және соғу қарулары (шоқпар, гүрзі, босмойын) жатады (Соколова В.К., 1960. № 4., 1971.). Жарақат салу ерекшелігіне байланысты әр қару түрінің және оның типтерінің кәсіби жауынгерлердің ұрыс тәжірибесі негізінде жинақталып, қалыптасқан өзіндік ұстау, қолдану, соққы салу әдіс-тәсілдерінің көптеген түрлері болған.

Жақты ату тәсілдері. Фольклорлық деректерде жақты ату кезінде оны қолда ұстаудың екі түрі айтылады: 1) *белінен* және 2) *иінінен* ұстау.

Қалмақ сонда долданды

Иіннен садақ қолға алды.

«Көкше батыр»

Көшпелілердің өнер ескерткіштерінде ату кезінде жақты иінен де, белінен де ұстау әдісі бірдей бейнеленуі бұл әдістердің көшпелі халықтардың бәріне тән болғанын көрсетеді. Көшпелі халықтарда әр заманда жақтың симметриялы және ассиметриялы формалары бірдей кездесетінін ескерсек, жақты атарда

кейде оны иінінен ұстау жақтың симметриялы формасымен байланысты болған сияқты.

Тікелей ату процесіне келетін болсақ жақты атудың екі түрлі тәсілі болған:

1. «*Тарту*» - Бұл тәсілде атарман жақты ұстаған сол қолын созып қозғалтпай тұрады да, оң қолмен оқ салынған кірісті өзіне қарай тартып атады.

Қобыланды *тартты* бір оқты
Біреу де болса ірі оқты.
«Қобыланды батыр»

«Ұлы мәртебелі Сайыпқыран... шапшаң қолдарымен, сол қолын *әліп* [әрпіндей түзу], оң қолын *дал* [әрпіндей бүгулі] қылып ұстап, жақтың кірісінен тартты» (Т.Сыдықов, 1993, 147-б.). Бұл тәсілде жақтың кірісі сол иыққа дейін жеткізіліп қана тартылады. Әдетте бұл тәсілмен төрт тарапқа да бірдей және шапшаң атыс жүргізілген. Орта ғасырлық араб тарихшысы аль-Джахиз түркі жауынгерлерінің жақ ату жылдамдығы туралы былайша тандана жазады: «Араб жаққа оғын салғанша, түркі он оқ атып үлгіреді. Түркі шауып келе жатып артқа және алға, оңға және солға да ата береді». Қазақ садақкерлерінің де жылдам атыс жүргізу шеберлігі қазақ эпостарында айтылады:

Бір атқанда үш атты,
Үш оқты бірден босатты.
«Қыдырбайұлы Қобыланды» .

Бір атқанда үш атты,
Атқан оғын боратты.
«Қарадөң» .

«*Керу*» - бұл ату тәсілінде екі қол бірдей қозғалып жақты екі бағытта кереді, сол қол алға қарай адырнаны итеріп, оң қол кірісті өзіне қарай тартады. Жақтың керілу күшіне, мөлшеріне байланысты бұл тәсілде жақтың керілуінің екі вариантын айыруға болады. Бірінші вариантында жақ құлаққа дейін жеткізіліп керіледі, екінші вариантында жақ оң иыққа дейін жеткізіліп керіледі. Атудың бұл тәсілін жауынгерлер ұзын сапты оқтармен алысқа дәлдеп атыс жүргізгенде қолданған.

Саржаға оғын *кереді*
Қозы жауырын көктеме оқ
Ұзындығы кез еді.

«Шынтасұлы Төрехан».

Жақ атудың бұл тәсілдері өнер ескерткіштерінде де көрініс тапқан. Жақпен оқ ату тәсілдерімен бірге қазақ жауынгерлерінің садақтан атылған оқтан қорғануда қолданатын әдісі де болды. Ұрыс кезінде, қолда қалқан болмаған жағдайда, атылған оқты *қолмен қағып* қорғанған. Оқтан бұлайша қорғану жауынгерден жылдамдықты, шапшаңдықты және ептілікті талап етеді, әрине ол үшін жауынгерлер арнайы жаттыққан болу керек.

Бұлғақтап заулап келген кез оқты
Жәнібек ер алды қағып қолыменен.

«Шақшақ Жәнібек батыр».
Садақтың оғын қолмен қағып алып,
Өзіне тигізбеді атқанменен.

«Бөгенбай батыр».

Түйреу қаруымен жарақат салу әдістері. Түйреу қаруыларын қолданғанда ұрыс кезінде оларды ұстау тәсілінің де екі түрі болды - бір қолмен және *екі* қолмен ұстау. Әдетте бір қолмен - найзаны, ал екі қолмен ұзын сүңгіні ұстаған, тек өте күшті, қайратты батырлар ғана сүңгіні бір қолмен ұстап айқаса алатын. Жазба және ауызша деректерде мысалы, осындай үлкен күш иесі болған Наурызбай батырдың (Кенесары ханның інісі) сүңгіні әрқашан тек бір қолмен ұстап айқасатын ерекше атап айтылады (Сейдімбек А., 1994, № 11-12). Ал күшпен соққы салу үшін кейде найзаны да екі қолмен ұстап жұмсаған.

Табандап орынында таймай тұрды,
Қаранай қос қолдап найзаны ұрды.
«Бөгенбай батыр».

Ұрыста найза мен сүңгіні осындай ұстау әдістері өнер ескерткіштерінде де бейнеленіп отырады. Ал түйреу қаруын жұмсағанда зақым салудың төмендегідей төрт тәсілі болған: Бірінші тәсіл - «түйреу». Бұл тәсілде қарумен жасалатын соққы қолдың алға қозғалуы арқылы іске асады. Екінші тәсіл - «шаншу». Бұл соққы кезінде қару қозғалысы жоғарыдан төмен қарай бағытталады. Бұл екі тәсілмен де соққылар төрт бағытта: алға және артқа, оңға және солға бірдей жасала береді. Түйреу қаруын қолданудың келесі тәсілі - «тіреу». Бұл әдісте қару ұстаған жауынгердің қолы қозғалмайды да, соққы шауып келе жатқан аттың қозғалыс екіпінімен алынады. Сондықтан бұл соққының күші қатты болып, қарсыласты аттан ұшырып түсіретін болған. Қатты соққы кезінде қаруды түсіріп алмас үшін оны екі қолдап қозғалтпай ұстау қажет болды. Бұл әдісті батырлар әдетте «сайыста» - найзамен өтетін жекпе-жекте қолданған. Шайқас кезінде бұл әдісті найзагерлер қосыны қарсыластың әскери шебін аударып тастайтын бетпе-бет соққыда пайдаланған. Найза, сүңгі жұмсаудың келесі тәсілі «ілу». Бұл тәсілде қарсыластың денесіне жарақат салмай, оны найзаның ұшымен киімінен іліп алып, аттан түсірін кете береді. Жауынгерлік өнерде қару қолданудың басты мақсаты адамды өлтіру емес, өмірді қорғау болғандықтан, жекпе-жек ұрыста мақсат қарсыласты құрту емес, оны әрекетсіздендіру және өзінің қару жұмсауда басымдығын көрсету. Сол себепті «ілу» тәсілі түйреу қаруын қолданудың жоғары шеберлігі саналды. Өткен ғасырлардағы орыс авторлары қазақ жауынгерінің «оншақты салттарыларды денесіне зақым келтірмей найзамен киімінен іліп алып, аттан түсірін кете беретінін» жазады. Фольклорлық деректерде бұл тәсілді Олжабай батырдың жиі қолданғаны айтылады. «Қырып-жойып жүргенде қылатын ісі найзагерлік екен. Найзамен түйреп, шанышпай қалыбы шаншады екен де, киімінен түйреп түсіреді екен, оның сөйтін түсірген жаны атқа мінуге жарамай қалады екен». Кенесары ханның інісі Наурызбай батыр да бұл тәсілді шебер меңгерген. Сондықтан оларды «найзагер» -найзаның шеберлері деп атаған.

Батырлық жырларда найза жұмсаудың «шабақтау» деп аталатын тағы бір түрі айтылады. Бұл тәсілде ұшы жалпақ болып келетін найза жебелерінің өткір жүзімен адам денесіне кесу арқылы зақым салынады.

Әр жерімнен қан ақты

Найзаменен шабақтап.

«Қарға бойлы Қазтуған».

Фольклорлық мәліметтер бұрынғы уақыттарда қазақтарда түйреу қаруын жұмсау тәсілдерінің жылдамдығы мен дәлдігіне машықтандыратын арнайы жаттығу әдістері де болғанын көрсетеді. Мысалы, «Қарға бойлы Қазтуған» жырында найза жұмсау шеберлігін баптаудың осындай бір әдісі айтылған. Жауға кетіп, оралмаған әкесінің соңынан іздеп, кегін алуға аттанбақшы болған қызының найза жұмсау шеберлігін тексермек болып, анасы одан сынақ алады. Шешесі қойдың құмалағын шашып жібергенде, қызы оларды жерге түскенше бір-бірлеп найзамен шаншуға тиісті болады. Қызы осының бәрін орындап, өзінің найзагерлік өнерін көрсетеді, айқасқа дайын екенін дәлелдейді. (Тынышпаев М., 1993) Бұл жаттығу түрі жауынгерді қару қолдануда шапшаңдыққа және қарумен соққыны белгілі бір нүктеге дәл тигізуге машықтандырған болу керек. Жоғарыда келтірілген мысалда бұл жаттығуды әйелдердің қолдануы оның жалпы көпшілікке белгілі, яғни жиі, тұрақты орындалып жүрген жаттығу тәсілі екенін куәлейді.

Сонымен бірге, қару жұмсағанда соққыны дайындау үшін және бір соққыны аяқтап келесісіне бірден ауысу үшін қолданылатын қаруды ойнатудың мынандай бірнеше қимыл-тәсілдері болған: «үйіру». Қаруды бастан жоғары ұстап қатты айналдыру; «толғау» - қарудың басымен шеңбер не қос дөңгелек сыза айналдыру. «Толғау» қимылы арқылы бір соққының қимылының аяғы екінші соққының басталуына үлесіп отырған. Бұл тәсілдер түйреу қаруымен айқасқанда өте жиі қолданғандықтан ауыз әдебиетінде түйреу қаруларын «толғамалы найза», «толғамалы сүңгі» деп атау жиі кездеседі. Жасалатын соққылардың арасын жалғастырып тұратын бұл қимылдар қарсыластың қаруынан қорғану тәсілдері қызметін де атқарды. Түйреу қаруын жұмсау кезінде қолданылатын бұл айтылған тәсілдер мен қимылдар әрине қару ойнатудың біртұтас комплексін құрап, қару жұмсаудың нәтижелігін арттырды. Найзагер қару қолданудың бұл элементтерінің бәрін жақсы меңгеруі тиіс болған. 1889 жылдары Қазақстанды аралаған ағылшын саяхатшысы Томас Аткинсон өз кітабында оған жолбасшы болып жалданған, ал кезінде Кенесары ханның сарбаздарының бірі болған кәрі қазақ жауынгерінің осындай найзагерлік өнерін таңдана сипаттап жазады. «Жолбасшымыз қазақтардың біреуінің найзасын алды да, біздерге оны қалай шебер қолдана білетінің көрсетті. Ол атты қатты шапқызып, шауып келе жатып найзаны басының үстінен үйіріп айналдырды. Содан кейін ол найзаны түсірін, түп жағын үзеңгіге бекітіп, шабуылға дайындық жағдайын қабылдады. Ұранын айқайлап, ердің үстінде төмен еңкейді де алға құйындата жөнелді, аты оның талаптарын бүлжытпай орындайды екен; ол атты аспанға шапшытып, әп-сәтте шұғыл бұрылды да, найзасын кезей маған қарай ұмтылды. Найзаны жақсы меңгертін қазақтар да

оның бұл қимылдарын сүйсіне, таңдана бақылап тұрды. Соған қарағанда Кенесары қырғыздардан тамаша жауынгерлерді дайындаған болу керек. Дәл осындай найза және жауынгерлік балта жұмсаудағы керемет ептілігі Кенесары жігіттеріне күші әлдеқайда басым жаумен өте нәтижелі соғысуға мүмкіндік берді деп маған көп адамдар айтқан болатын. Егер жақсы офицерлері болғанда қырғыздар әлемдегі ең жақсы кавалерияны құрар еді» (Турсынов Е.Д., 2001.-168 с.).

Найзамен қорғану әдістеріне келетін болсақ, әдетте қарсыластың қаруынан қорғану үшін оны ішке немесе сыртқа «қағу» тәсілін қолданған. Қазақ жауынгерлері кейбір найза мен сүңгілердің бас жақтарында қарсыластың қаруының сабын кесуге арналған өткір болат жүз орнатқан. Найза мен сүңгілердің басына әскери белгі ретінде тағылатын түсті шүберектен жасалған жалау және қыл, жібек шашақтардың қозғалысын жауынгер соққы жасау кезінде қарсыластың назарын қарудың жұмсалған бағытынан аудару үшін де пайдаланған.

Кесу қаруын жұмсаудың негізгі үш тәсілін айыруға болады. Қылыш, семсермен зақым салудың бірінші тәсілі - «шабу». Бұл әдіспен соққы бір бағытпен жоғарыдан төмен қарай жасалады. Екіншісі - «кесу», бұл тәсілде қару басының қозғалысы жоғарыдан төмен және артқа қарай қозғалады. «Кесу» әдісінде қылыш жүзінің қосымша оңға не солға қисая қозғалуы «қиялай тарту» деп аталған. Кесу қаруын жұмсаудың үшінші тәсілі - «түйреу», қылыштың ұшымен алға сұғып зақым салу.

Түйреу қаруын қолданудағы сияқты кесу қарумен жұмыс істегенде де «үпіру», «толғау» қимылдары қолданылды. Үпіру тәсілімен қарудың қозғалысын жылдамдату, екпін беру арқылы соққының күшін арттырған, сонымен бірге бұл қимылды орындау жауынгерге қылышпен жұмыс істеу ырғағына кіруге мүмкіндік берген. Әдетте бұл қимыл ұрыста соққы жасардың алдында орындалатын, сондықтан «қылыш үйірді» сөз тіркесі тілімізде біреуге соққы жасауға қару көтеруді білдіреді. Соққы жасалғанда кесу қаруының қозғалыс траекториясына және бағытына байланысты «сілтеу». «сермеу» сияқты қимылдарын айыруға болады. «Сілтеу» - қолдың тікелей алға шапшаң қозғалысы, қарудың басы доға бойынша алға қозғалады. «Сермеу» - қолдың алға және оңға не солға қарай шапшаң қозғалуы. Бұл қимыл шабуылда және қорғануда бірдей қолданылған.

Ұстаған қолға ақ берен

Оны да сермеп қалармын.

«Қарадөң.

Халқымыз өміріне қатысты нақты оқиға тарихын зерттеу барысында фольклорлық мәліметтерді пайдалануда, немесе белгілі бір фольклорлық туындыны дерек көзі ретінде арнайы қарастыруда қазақ фольклортанушыларының еңбектерінің тигізер көмегінің мол екендігі даусыз. Себебі, оларда ауыз әдебиеті туындыларының тарихилығын зерттеу бағытында едәуір істер атқарылып, нақты ғылыми нәтижелерге қол жеткізген фольклортанудың негізгі проблемалары анықталып, әдістемелері жасалған.

Мысалы, Р.Бердібай: «Эпоста тарихи шындықтың бейнеленуі деген аса күрделі, теориялық мәні бар мәселе. Белгілі бір туындыда тарихи шындықтың нақтылы қамтылу заңдылығы қандай екенін ажырату - фольклортанудың ең күрделі проблемаларының бірі. Бұл, кең мағынасында алғанда, эпоста шындық пен қиялдың, көркемдік жинақтаудың ара қатынасын анықтауға апаратын мәселе»,— деп (Құран Кәрім, аударған Халифа Алтай, 206 б.), фольклортанудың түйінді проблемасы туралы айта келе: «Эпостанудың әдістемелік мәселелері» атты еңбегінде: «Тарихи романдардың жасалу процесін талдауға жазушы-суреткердің өз куәлігі, күнделіктері, хаттары, жинаған материалдары, замандастарының болжамдары көп көмек керсетеді, Ал әуел баста ауызша жаратылған эпостың «анатомиясын» жіліктеп, бөлшектеп зерттеу анағұрлым қиын, Жазба әдебиет туындыларында авторлық аңсар басым жатса, фольклор жаратылысында халықтық мұрат алғы кезекке шығады. Оның үстіне көркемдік суреттеу тәсіліндегі күрделі айырмашылықтарды қоссақ, мұның алғашқысында типтендіру, соңғысында әсірелеу күшті болатынын аса елеулі фактор деп қараймыз», — деп (Уәлиханов Ш., 1985), жазба әдебиет пен ауыз әдебиеті туындыларының пайда болуын талдаудың өзіндік ерекшеліктерін және олардың деректік айырмашылықтарын көрсетеді.

Пайдаланған әдебиеттер мен деректер:

- 1 Соколова В.К. Фольклор как историко-этнографический источник. //Советская этнография. Москва, 1960. № 4.; Русские исторические предания. Москва: Наука, 1971.
- 2 Сыдықов Т. Қазақтың тарихи жырлары және бүгінгі ғылым //Қазақ фольклорының тарихилығы. 147-6.
- 3 Сейдімбек А. Қазақ жырлары: кеше, бүгін, ертең //Қазақ әдебиеті, 1994, № 11-12.
- 4 Тынышпаев М. История казахского народа. Алма-Ата, 1993.
- 5 Турсынов Е.Д. Истоки тюркского фольклора. Қорқыт. - Алматы: Дайк-Пресс, 2001.-168 с.
- 6 Тәубе сүресі, 119 аят (9:119) 206 б.// Құран Кәрім. Қазақша мағына және түсінігі. Аударған: Халифа Алтай.
- 7 Уәлиханов Ш. Бес томдық шығармалар жинағы. Алматы: Қазақ совет энциклопедиясы, 1985.